**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

керілді

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: «Жиһаздар»
Жоспардың құрылу кезеңі: 23.11.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге үйретуде қоршаған орта туралы түсініктердің негізінде балалардың сөздік қорларын байыту.<br>Шаттық шеңбері:<br>Кел балалар күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді боп жүрейік!<br>*Тілдік дамытушы орта:* ұжымдық әңгімеге қатыстыру.<br>-Балалар қуыршақтың үйіне жаңадан заттар алып келіпті.Қандай заттар алып келгенін білгілерің кел ме?<br>Олай болса қуыршақтың үйіне барайық.<br>Қуыршақтың үйіне де келіп қалдық.<br>Балдаларға жиаздардың макетін жеке –жеке көрсетіп, тұрмыста не үшін қолданылатынын сұрау.<br>Жиһаздарға не жатады?<br>Үстел, орындық, диван, шкаф, киім ілгіш шкаф т.б<br>Үстел тамақ ішу үшін, сабақ оқу үшін керек.<br>-Енді осы заттарды не үшін керек екендігін айтыңдаршы.Мысалы үстел не үшін керек?<br>-Дұрыс-ақ<br>Ал, мынау не?<br>Орындықты не үшін пайдаланамыз?<br>Орындық неден тұрады?<br>Орындық.<br>Орындық отыру үшін керек.Орындыққа шығып биіктетұрған заттарды алуға болады.<br>Орындық арқалықтан, және төрт аяғынан тұрады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Қолымызды жаяйық<br>Құс боп қанат қағайық<br>-Балалар бір серігіп қалсақ енді орындарымызды ауыстырып, тапсырмаларды орындайық.<br>Осылайша үй жиһаздарының түрлерін, не үшін қажет екендіктерін сұрау. |

| | |
|---|---|
| | -Орындық, диван, үстел, шкаф, креслоның ұқсастықтары бар ма?Несімен ұқсайды?<br>Диван да отырып, кейде жатып дем алу үшін керек.<br>Олардың барлығы үй жиһаздарына жатады.Және барлығы ағаштан жасалған, аяқтары бар.<br>Логикалық ойын:<br>«Жартысын тап»<br>Ойын шарты: алдарында берілген карточкалардағы суреттердің жартысын тауып сызық арқылы косу<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*сөйлеуде тыныс алуды үйрету.<br>*Сөздік қор:* жаңылтпаш жаттату.<br>Шеше,шеше,неше<br>кесе сынды кеше.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* есім сөздермен колданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға үйрету.<br>Балалар біз бүгін не туралы айттық?<br>-Жиһаздардың қандай түрі болады?<br>-Біз кімнің үйіне бардық?<br>-Жиһаздар неденжасалады.?<br>-диван, үстел, орындық, шкаф<br>-қуыршақтың үйіне<br>-ағаштан , темірден, матадан , т.б<br>жасалады?<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>ұжымдық әңгімеге қатысады, есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйренді. Заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбындағы байқауға балаларды дайындау |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | «Дыбыс», «Буын» дегеннің не екенін түсіндіру. Сөйлеу дыбыс туралы түсініктерін дамыту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Суреттегі заттарды атап, дауысты ,дауыссыз дыбыстан басталатын сөздердің суретін қоржынға сәйкестендіру. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кабинеттен әдістемелік құралдар мен әдебиеттерге шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

Тексерілді

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Тақырып: «Айналамыздағы өсімдіктер»

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.11.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу, олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру. Өсімдіктерді өсіруге, күтуге деген қызығушылықтарын арттыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>*Тілдік дамытушы орта:*Айналасындағы өзін қоршаған ортадағы өсімдер туралы ақпаттарды алуға мүмкіндік беру. Өсімдіктер туралы әңгімелеу.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*«ө» дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Ақ-ақ-ақ-бақта *өседі* түймедақ. Ө-өседі.Ө-өсті.<br>*Сөздік қор:*Тыңдалған шығарманы кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге баулу. «Бір тал шөп» Құл-Керім Елемес<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*үлгі бойынша жай және жайылма сөйлемдер құрай білуге үйрету.<br>Өсімдік-өсімдіктер-өсімдіктердің.<br>Сөздік ойын: «Жапырағынан таны»<br>Түймедақ, бәйшешек, інжугүл, қызғалдақ-бірінші гүлдер.<br>*Байланыстырып сөйлеу:*бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға баулу.<br>Жаттығу: «Сөйлесейік»<br>-Суреттегі нелер? Суретте өсімдіктер<br>-Мынау өсімдік қалай аталады? Түймедақ өсімдіктің бір түрі.<br>-Түймедақ қайда өседі? Түймедақ гүл бағында өседі.<br>-Оның түсі қандай? Оның түсі ақ.<br>Күтілетін нәтиже: Өсімдіктерді салыстырады.«Ө» дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтуға баулу. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Мемлекеттік тілде мәдени-әлеуметтік өзара қатынасқа дайын тұлғаны тәрбиелеу. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Тақырыптық сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру. «Ө» дыбысының дұрыс айтылуын қалыптастыру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін | Баланың тілге деген қабілетін дамытуда өлең жаттату: А.Ракышова «Табиғатым» |

| | |
|---|---|
| дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Табиғатты сыйлайық,<br>Бұтақтарын жұлмайық.<br>Жер-Анаға бас иіп,<br>Табиғатты қорғайық. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Педагогтарға кеңес: «Ертегілер елінде» апталығын өткізуге ат салысу |
| | Қазақ тілі мұғалімі : |

Бекітемін

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: «Тарихқа саяхат»
Жоспардың құрылу кезеңі: 07.12.2023 ж

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Ұлттық бас киімдерді ажырата білуге, ою-өрнек элементтерін үшбұрышқа орналастыра білуге үйрету, көз мөлшерін дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.<br>*Тілдік дамытушы орта:* бейнелеу құралдарын қолдана отырып еркін ойындар ойнауға тәрбиелеу.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* «Ү» дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтуға үйрету. «Ү» - дыбысы –дауысты,жіңішке дыбыс.Сөздің басында, ортасында кездеседі. Ү-кі. Күз.<br>«Қандай дыбыс екенін тап» дидактикалық ойын<br>*Сөздік қор:* Ұлттық бас киімдер, ою-өрнектердің атауларын білдіретін сөздерді түсініп және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Коллаж: ұжымдық жұмыс ұлттық бас киімдерді ою-өрнекпен үшбұрышқа безендіру.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* сөздерді септеп қолдана білуге үйрету.<br>А.С Отан<br>І.С Отанның<br>Б.С Отанға<br>Т.С Отанды<br>Ж.С Отанда<br>Ш.С Отаннан<br>К.С Отанмен<br>*Байланыстырып сөйлеу:* тақырыпқа байланысты шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға дағдыландыру.<br>«Менің елім-мақтанышым» кітаппен жұмыс<br>Ұлттық ойын: «Ханталапай»<br>Күтілетін нәтиже: Ұлттық бас киімдерді ажыратады. Ою-өрнек элементтерін үшбұрышқа орналастырады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Тілді түсіну,есте сақтау, сөздік логикалық-ойлау қабілеттері мен ұсақ қол моторикасын дамыту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Ойынға қызықтыру арқылы қазақша сөйлеуге ынталандыру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Сөйлем құрастыруға ,жалпылау сөздерді пайдалануға үйрету. |

| | |
|---|---|
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кабинеттен әдістемелік құралдар мен әдебиеттерге шолу жасау. |

Тексерілді

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: «Туған өлкем»
Жоспардың құрылу кезеңі: 14.12.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Отан, туған жер, туған тіл жайлы түсініктерін, оның табиғатының әсемдігі, байлығы жайлы түсініктерін тереңдету. Туған жерді, елді, кастерлеу, тілді бағалай білу, ата — ананы сыйлау, халқына пайда келтіру сияқты адамгершілік асыл қасиеттерге баулу.<br>*Тілдік дамытушы орта:*Өз ойларын айта білу дағдыларын дамытуда Орал қаласының презентациясын көрсету.Туған қала туралы әңгімелесу.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*Тіл байлықтарын дұрыс сөйлеу, қатесіз, түсініп айту дағдыларын дамыта түсуде «Әңгіме» әдісін қолдану.<br>- БалаларбіздіңРеспубликамызқалайаталады?<br>- ҚазақстанРеспубликасықандай Республика?<br>- Еліміздіңастанасықайқала?<br>- Өзімізқайоблыстатұрамыз?.<br>- Өзіміздіңтұратынауылдыңатықандай?<br>- Қазақстандаүлкенжәнекішіқалаларкөп.<br>БізбүгінөзіміздіңсүйіктіОралқаламызтуралыайтамыз.<br>Алолайболсамынабейнероликтен Оралқаласынасаяхатжасайықшы. Суретте не көріптұрсыңдар.<br>- Оралқаласындаәдемігимараттар мен үйлер, дүкендер, дәріхана, саябақтар бар екен.<br>- Мынауқандайғимарат?<br>Әр балағасуретарқылысұрақтарқойылады.<br>*Сөздік қор:* Ө.Тұрманжановтың «Туған өлкем» өлеңін оқу, мағынасын түсіндіру,жаттату.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* тақырыпқа байланысты сөйлемдерді жай сөйлемдермен жеткізе білуге баулу.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* Сурет бойынша тірекестені қолданып әңгімелесу.<br>Шығармашылық ойын: «Қаламызды көркейтеміз»<br>Ойын шарты: балалар фетр мата бетіндегі бейнелерді жапсырып шығады.<br>- Ал қазір балалар, сендерге көп қабатты үй салуды ұсынамын. Сендердің алдарыңда әйнек жатыр. Сол әйнектің үстіне көп қабатты үй саламыз. Бірақ, сендер өте мұқият болыңдар.<br>Әйнектің бетіне сурет салуды түсіндіріп, көрсетіп өту. |

| | |
|---|---|
| | - Әйнектің бетіне гуашпен бояу.<br>- Балалар үйдің қабырғасы қандай пішінге ұқсайды?<br>- Енді үйдің шатырын қызыл түспен бояймыз.<br>- Үйіміздің шатыры қандай пішінге ұқсайды?<br>- Ал, балаларсуретсалуғакіріселік.<br>- Балалардыңөзіндікжұмысы.<br>Көмекқажетбалаларғакөмеккөрсету.<br>Күтілетін нәтиже: Отан, туған жер, туған тіл жайлы түсінік қалыптасты.Тақырып бойынша өз ойларын айтады. тақырыпқа байланысты сөйлемдерді жай сөйлемдермен жеткізеді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Базалық лексикалық және сөздік қорды жинақтау. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу). |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуда жеке жұмыстар жүргізу. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кабинеттен әдістемелік құралдар мен әдебиеттерге шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: «Біз күштіміз, ептіміз»
Жоспардың құрылу кезеңі: 21.12.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы<br>Балалардың денсаулығын, ой өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға<br>қызығушылығын дамыту арқылы баланың байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.<br>*Тілдік дамытушы орта:* еркін ойындарда жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.<br>«Даусына қарай ажырат» Мақсаты: Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру;- Балалар, мен сендерге әр түрлі дауыстарды саламын, ал сендер сол дауыс қай жануардың даусы екенін табасыңдар.<br>— Мияу – мияу?<br>— Мысық.<br>— Аф – аф – аф?<br>Күшік.<br>— Ку – ка – ре – ку?<br>— Тауық.<br>— Мәк – мәк?<br>— Қой.<br>— Мө - ө – ө – ө?<br>— Сиыр.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*сөйлеуде тыныс алуды дамыту. «Жапырақты ұшыр» терең тыныс алып,аузымен дем шығару арқылы жапырақты үрлеп ұшыру.<br>*Сөздік қор:* тақырыпқа байланысты тақпақ жаттату.<br>Денсаулық ол – шынықкан<br>Барлық денең мүшесі.<br>Денсаулық ол - тынықкан<br>Жүйке тамыр жүйесі<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* үлгі бойынша жайылма сөйлем құра білуге дағдыландыру<br>Динара әдемі секіреді. Балалар тату ойнайды.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:** еркін ойындарда жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді, үлгі бойынша жайылма сөйлем құрайды, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы |

| | |
|---|---|
| | сұрақтарға жауап береді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Тәуелсіздік күні» туралы бейнеконтент көрсету. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Ойынға қызықтыру арқылы қазақша сөйлеуге ынталандыру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кабиенеттен әдістемелік құралдар мен әдебиеттерге шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**ҚКШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Тақырып: «Жаңа жыл »

Жоспардың құрылу кезеңі: 28.12.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Жаңа жыл мерекесі жайлы айта білуге үйрету.Өткен тақырыпты қайталау.<br>*Тілдік дамытушы орта:* тақырып бойынша бірлескенәрекеттер туралы келісуге үйретуде<br>логикалық тапсырма «Суретті жина,сөйлем құра» қиынды суреттерден шыршаның,ойыншықтардың суретін жинау.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* тақырыптық сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру«ә», «ү» дыбыстарының дұрыс айтылуын қадағалау.<br>Үй-үй-үй-күмбірлейді күй.<br>Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған жаттығулар жасату.<br>*Сөздік қор:* тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыруда тақырыпқа байланысты сурет бойынша әңгімелеу.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* тақырыпқа байланысты сөздерді айтқанда, сөйлем құрап айтқанда грамматикалық тұлғаларды дұрыс сақтап сөйлей білуге үйрету.<br>Жаттығу:<br>-Шыршаның түсі қандай?<br>-Шыршаның түсі жасыл.<br>-Шырша қайда өседі?<br>-Шырша орманда өседі.<br>-Жаңа жыл мерекесі несімен ұнайды?<br>-Жаңа жыл мерекесі көңілді болады.Аяз ата сыйлық береді.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* алдын-ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. «Шырша мерекесі» тіреккесте бойынша сөйлем құрау.<br>Диалог түрінде сөйлесу:<br>-Суретте кімдер бар?<br>-Суретте балалар бар.<br>-Балалар не істейді?<br>-Балалар шыршаның жанында билейді.<br>Тіл дамыту (қайталау) С.Жиенбаев «Жаңа жыл»<br>Жаңа жыл келеді,<br>Бізге қарай жылыстап. |

| | |
|---|---|
| | Өлең де әзір, ән де әзір.<br>Ойын да әзір, бәрі әзір.<br>Кел, жаңа жыл,жаңа жыл! (қабілеті төмен балаларға айтқызу.<br>Күтілетін нәтиже:Жаңа жыл мерекесі жайлы айта біледі. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған жаттығулар жасайды.Алдын-ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелеседі. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Жаңа жыл» мерекесіне арналған әндер мен өлеңдер жаттату. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Тақырыпқа байланысты байланыстырып сөйлеуге үйрету. Қыста қар жауады, боран соғады.Шырша мерекесі туралы әңгімелеу.Қазақ тілінде дұрыс, анық сөйлеуге жаттықтыру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Септік жалғауларын дұрыс қолдануды үйрету. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Ата-аналарға жаңа жыл мерекесіне байланысты жүргізілетін жұмыстар туралы әдістемелік кеңес беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: «Жануарлар әлемі»
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.01.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Жануарлардың табиғаттағы рөлі мен маңызы туралы түсінік беру. Негізгі топтарымен(үй жануары, жабайы жануарлармен) таныстыру.Электронды оқулықты пайдалана отырып, ой өрісін, зейінін дамыту, табиғат туралы түсініктерін кеңейту.Қоршаған ортаны сүюге, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>*Тілдік дамытушы орта:*еркін ойындарда жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.<br>Әңгімелесу: педагог балаларды шеңберге тұрғызып, бір –біріне алақан жылуы арқылы жылы сөздер айтып, амандасуды ұсынады. «Сәлеметсіз бе, балапаным?» , «Амансың ба, қояным?» т.б. төл дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға дағдыландыру<br>«Қ» дыбысына байланысты қас-қыр, қа-сық, қа-ла.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы – қырлы жерлермен<br>Ытқып – ытқып жүгірді<br>Қарап еді артына<br>Қиығын сап көзінің<br>Келе жатқан томпаңдап<br>Көжегі екен өзінің<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*фонематикалық естуді дамытуда<br>«Балаларын ата» үстел үсті ойынын ойнату.<br>- Балалар, енді жабайы аңдардың баласын атаңдар.<br>1. Қасқырдың баласы -/бөлтірік/<br>2. Аюдың баласы -/қонжық/<br>3. Түлкінің баласы -/мыршай/<br>4. Қоянның баласы -/көжек/<br>*Сөздік қор:*Айналасындағы өзін қоршаған ортадағы жануарлар туралы ақпараттарды алуға мүмкіндік беру.Кітаптан ертегілер оқып беру.<br>«Жануарлардың қысқы тіршілігі» жобасы балалар үйлерінен алып келген жадығаттар негізінде альбом жасайды.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Аю жазда қыдырмады, аю қыста тынықпады. Түлкі айғайлап, шуламады.<br>«Жабайы аңдарды сипаттау» |

| | |
|---|---|
| | 1. Аю - жыртқыш аң, бірақ ешкімге тиіспейді. Аюдың екі түрі болады ақ және сұр. Ақ аю суда, салқын жерлерде мекендейді. Сұр аю орманда мекендейді. Жазда жеміс - жидек тереді. Аюлар күзде май жинайды, ал қыс бойы апанда, алақанын сорып ұйықтайды. Аюлар тоңғандықтан емес, жейтін қорегі таусылғаннан кейін ұйықтайды. Орманда мекендейді.<br>- Аю туралы қандай ертегі білесің?<br>2. Түлкі - ақылды, жыртқыш аң. Түлкінің терісі бағалы. Терісінен тымақ тігеді. Оны «түлкітымақ» дейді. Түлкі қыста ұйықтамайды. Қыста жортып жүріп, азықтарын тауып жейді. Тістері өткір, көздері қырағы жақсы көреді, сезімтал. Өздеріне керекті жемтіктерін алыстан ақ иісінен сезеді. Ол жүрген ізін құйрығымен сүртіп кетіп отырады. ол кез келген қиыншылықтың бәрінен аман есен құтыла алады. Сондықтан түлкіні қу дейміз. Түлкі інде тұрады. орманда мекендейді.<br>- Түлкі қандай ертегілерде кездеседі?<br>*<u>Байланыстырып сөйлеу:</u>*<br>Өз бетінше ретімен қайталап айтуға,өзінің тәжірибесіне сүйеніп,суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>Сөздік ойын: «Не қалай дыбыстайды?» Бейнелеу өнері: «Қардағы іздер» тақырыбында сурет салу ,балалар саусақтың көмегімен үлгіге қарап,аққағаз бетіне жануарлардың іздерін салады.Педагог дайын болған жұмысты мадақтайды.<br>Күтілетін нәтиже: Жабайы аңдарды дұрыс дыбыстап айтады.Төл дыбыстарды өздігінен дұрыс айтады.Жабайы жануарлардың атауларын және түсіну дағдыларын қалыптасты.Шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес логикалық екпінді қолданып мәнерлеп айтуға баулу. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Жаңылтпаштар жәрмеңкесі» балаларды дайындау. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған жұмыс жоспарына» әдістемелік көмек беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас.
Тақырып: «Құстар біздің досымыз»
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.01.2024 ж.

| | |
|---|---|
| | Құстардың пайдасын түсіндіру, ойлау кабілеттерін, сөздік қорын дамыту.Табиғатқа , құстарға қамқорлық сезімдерін ояту.<br>*Тілдік дамытушы орта:*Айналасындағы өзін қоршаған ортадағы құстар туралы ақпаттарды алуға мүмкіндік беруде ақпарат беру.<br>Адам табиғатсыз өмір сүреалмайы. Құстар табиғаттың бірболігі . Елімізде 500-ге жуыққұстардын түрлері бар. Олартабиғатты зиянкестерден қорғайды.<br>Сондықтаноларды табиғат емшілері деп атаймыз. Олар тіршілік иелері .<br>Құстар ұрпақөрбітеді. Балапандарын қанаттандырып , жауларынан қорғайды.<br>Құстар табиғатқа сән береді , Адамдардын көңілкүйінкөтереді.<br>Құстардын түрлері өте көп, соның ішінде жылқұстарына тоқталайық .<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*ерін қалпы туралы түсінікті нақтылау,дауысты дыбыстардың артикуляциясындағыерін қалпын анықтау.<br><br>Сергіту сәті:<br>Аққөгершін, көгершін ,<br>Қолканатқұссенедің,<br>Бар кезіп қайт елүшін,<br>Кеңдүниенің көлемін.<br>*Сөздік қор:*Құстар туралы жұмбақтаршешкізу.<br>Түсі қара мақпалдай<br>Төсі ақ сыр жаққандай<br>Ұшса оқтай зулайды<br>Көктен жұлдыз аққандай<br>(қарлығаш)<br>Қарлығаш жайлы тоқталып өту.<br>Орманда жоғары<br>Ағашқа қонады<br>Тұмсығын балға қып<br>Тоқ-тоқ соғады (тоқылдақ)<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*Сөздердіжіктеп,тәуелдеп,септепқолданабілугеүйрету.<br>*Байланыстырып сөйлеу:*бір-біріменеркіндиалогқұруға,еркінталқылауғамүмкіндік беру. |

| | |
|---|---|
| | -Балалар , енді осы құстар қайда мекендейді?<br>Әрине ұяжасайды. Ұяныбалшықтан,<br>немесе шөптен жасайды.Кейбір құстар адамдарға жақын орналасуүшін ұясыншатырғаорналастырады.<br>-Балалар, енді құстарғакөмек ретінде ұянемесежемшашарлар жасайық.<br>Дәптерменжұмыс: ұяның суретінсалу.<br>Дидактикалық ойын « Құстардың бейнесін дұрыс құрау»<br>Күтілетін нәтиже:Өзі зерттеген заттарды,суреттерді сипаттайды.Жұмбақтардың жауабын табады.<br>Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауға баулу. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Қызықты жұмбақтар»» мекеніне балаларды дайындау. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған жұмыс жоспарына» әдістемелік көмек беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

Мексерірі

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас.
Тақырып: «Ғажайып қыс»
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.01.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Жыл мезгілі қыс туралы түсініктерін кеңейту, балалардың сөйлеу әрекетін, тілін, есте сақтау қабілетін көркемдік талғамын, диалогты сөйлеуін, ой қиялын дамыту. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.<br>*Тілдік дамытушы рта:* сөйлесу барысындаәңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға үйрету. Шаттық шеңбері:<br>Бізкішкентайбаламыз<br>Өсіпөніптоламыз.<br>Күнгекарайталпынып<br>Көкке қанатқағамыз.<br>Әлемдегібарадамға<br>Жақсылықбізтілейміз<br>Қайырлытаңбалалар!<br>Қайылытаңапайлар!<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* тақырыптық сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру«ә»,«ү», «ө» дыбыстарының дұрыс айтылуын қадағалау.<br>Көрнекілікпен жұмыс<br>*Сөздік қор:* Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұныңдұрысқабылдауға,кейіпкерлерінежанашырлықтанытуға,кейіпкердіңіс-әрекетінеөзойын білдіруге баулу. **Сурет бойынша әңгіме**<br>1.Мына суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген ?<br>2.Мұнда балалар не істепжүр ?<br>3.Қандай ойындаройнапжүр ?<br>4.Үстілеріне қандайкиімкиген ?<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* Өз ойын жай жеткізуге мүмкіндік беру.Бейнеконтент қарау арқылы.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* Қыс туралы 4-5сөйлеммен сипаттауға баулу.Балаларға қысқы киімдер(Баскиім,аяккиім,сырт киімт.б) туралы білімдерін бекіту.Ұл баламен қыз баланың қыстық киімдерін, олардың ерекшелігі мен ұқсастығын ажырата білуге үйрету.Тиым сөздер, жұмбақтар шешкізу арқылы ойлау қабілетін дамыту.<br>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.<br>**Жұмбақ** |

| | |
|---|---|
| | Әуеде ақ мамық<br>Қабалақтап ұшады,<br>Қанаты жоқ талып<br>Жерді барып құшады .<br>Ол не балалар? ( Қар )<br><br>Қимылды ойын: «Кім жылдам»<br>«Ойынның шарты:Екі бала ортаға шығып жемпірлерінің түймесін түймейлеп жарысады ,кім бірінші түймейлесе сол женімпаз болады.<br>Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?<br>Аяз,суық ,жер тайғақ.<br>Біз қыста қандай киімдер киеміз ?<br>Жылыкиінеміз ,үстімізге қалың куртка, пальто,басымызға бас киім,қолымызғақолғапкиеміз,аяғымызға қалың етік.<br>**Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап»** тиым сөздерді үйрету.<br>1.Бас киімді теріс киюге, лақтыруға болмайды.<br>2.Киімнің жағасын басуға болмайды.<br>3.Аяқ киімді,төңкеріп теріс киюге болмайды.<br>4.Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді.<br>Күтілетін нәтиже:Табиғат нысандарыныңатауларын өздігінен қолданады..<br>Сұрақтарға жауап беруде, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыруға жаттықтыру. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | «Ғажайып ертегі» апталығына балаларды дайындау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |